КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 7 қыркүйек №7119-23-00-2/9420 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Куанышбаев Ержан Орынбаевич Жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесі жауапкер Куанышбаев Ержан Орынбаевич жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер Куанышбаев Ержан Орынбаевич жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Куанышбаев Ержан Орынбаевич жеке кәсіпкер мемлекет кірісіне 1 547 (бір мың бес жүз қырық жеті) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 1 771 (бір мың жеті жүз жетпіс бір) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 07.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Кусманова А. К., 16.10.2023

7119-23-3-1/9214